

*Выступление
Жиенбаева Ерулана Асентаевича,
Директора
Специализированного лицея №92
им. Махатма Ганди*

Внедрение робототехники и технического творчества в образовательную среду- связующее звено в развитии, формировании и воспитании у подрастающего поколения патриотического духа

Робототехника мен техникалық шығармашылықты білім беру ортасына енгізу - жас ұрпақ бойындағы патриоттық рухты қалыптастыру, дамыту мен тәрбиелеудің алтын құралы

Қазіргі күнгі жастар тәрбиесі – өте өзекті мәселе. Әсіресе, Отан сүйгіштікке, ұлт жандылыққа, еңбек сүйгіштікке, бір сөзбен айтқанда, патриоттыққа тәрбиелеу жай сөзбен іске асатын шаруа емес. Мұндай жауапты істі атқара алатын адамның өзі алдымен патриот болуы шарт. Сонымен қатар, қалыптастырушы орта мен қажырлы еңбек қажет.

Техникалық шығармашылық пен робототехникаға баулу – баланың нағыз патриоттыққа тәрбиелеудің ортасы. Оны тек тиімді, ұтымды және жүйелі түрде ұйымдастыру керек. Мысалы, робототехника олимпиадалары мен шығармашылық сайыстарды ұйымдастырғанда, жапонның күресі сумо мен рухани құндылығы жоқ әр түрлі ойындардың орнына ұлттық рухымызға жақын сайыс түрлерін енгізу үлкен жаңалық болар еді.

Осы орайда «Махатма Ганди атындағы №92 мамандандырылған лицей» оқушылары робототехника үйірмесінде қазақтың ұлттық спорт түрлеріне бейімделген роботтарды жасауды қолға алып отыр. Атап айтқанда, көкпар тартатын және асық ататын роботтарды құрастыру – өте үлкен тапқырлық пен терең білім мен біліктілікті қажет етеді. Қойылған мақсатқа жету үшін өте көп қажырлы еңбек кетеді, тер төгіледі. Мақсатына жетіп, роботты құрастыру – өзінше бір үлкен жұмыс, ал құрастырған роботы көкпар тарту мен асық ату сайысынан жеңімпаз болса, онда ол оқушының шаттығында шек болмайды. Жеңімпаз бола алмаған оқушы болса, өзінің роботын дамыту үшін қайтадан еңбектенуге кіріседі. Міне, осы қозғаушы күш, баланың бойындағы еңбексүйгіштік пен ұлтжандылық, барлық адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына ықпал етеді.